Әділет

# Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2002 жылғы есепті бекіту туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 сәуірдегі N 353 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2002 жылғы есепті бекіту туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

## Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

## Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2002 жылғы есепті бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2002 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2003 жылғы _______ дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2002 жылғы есеп және сыртқы аудитті жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2003 жылғы
N Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

# Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2002 жылғы есеп

2003 жыл

## 1-бөлім. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оны пайдалану туралы есеп

| Р/с N | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Қордың есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражаты БАРЛЫҒЫ: | 189807669* |
| 2. | Түсімдер БАРЛЫҒЫ: | 109547274 |
| | Оның ішінде: | |
| | заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік | 35075692 |
| | табыс салығы: | 172216 |
| | қосылған құн салығы | - |
| | үстеме пайдаға салынатын салық | - |
| | бонустар | 1107450 |
| | роялтилер | |
| | жасалған келісімшарттар бойынша өнімді | 3425755 |
| | бөлу жөніндегі | |
| | Қазақстан Республикасының үлесі | 12636305 |
| | ресми трансферттер | 8074548 |
| | Қорды басқарудан алынатын инвестициялық кірістер | |
| | Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым | 49055308 |
| 3. | Пайдаланылуы БАРЛЫҒЫ: | 244287 |
| | Оның ішінде: | |
| | Қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу | 244287 |

4. Қордың есепті кезеңнің аяғындағы қаражаты БАРЛЫҒЫ: 299110656**

---

*443244 мың теңге мөлшеріндегі есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескере отырып

**166152 мың теңге мөлшеріндегі есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескере отырып

## 2-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімді басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы есеп Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімді басқару нәтижелері туралы есеп

| Р/с N | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|
| 1. | Қор активтерінің есепті кезеңнің басындағы рыноктық құны: | 187221885 |
| 2. | Қордың операциялары бойынша кірістер: | 11964571 |
| 2.1. | бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының ағымдағы құнының өзгеруінен алынатын кірістер | - |
| 2.2. | бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын сатып алу-сатудан алынатын кірістер | 3472384 |
| 2.3. | акциялар бойынша дивидендтер түріндегі кірістер | - |
| 2.4. | сыйақы түріндегі кірістер | 55412 |
| 2.5. | валюталық бағамның өзгеруі нәтижесінде туындаған оң бағамдық айырма | 8436775 |
| 2.6. | сыртқы басқаруға берілген активтер бойынша кірістер | - |
| 3. | Қорды басқару жөніндегі шығыстар: | 3890023 |
| 3.1. | бағалы қағаздардың және басқа да қаржы құралдарының ағымдағы құнының өзгеруінен болатын шығыстар | 3890023 |
| 3.2. | бағалы қағаздарды және басқа да қаржы құралдарын сатып алу-сатудан болатын шығыстар | - |

3.3. валюталық бағамның өзгеруі нәтижесінде туындаған теріс бағамдық айырма -

4. Қор активтерінің есепті кезеңінің аяғындағы рыноктық құны: 299110266

---

*есепті кезеңнің басына 2585724 мың теңге мөлшеріндегі Қордың ағымдағы шотында теңгемен айырбасталмаған қалдық сомасы енгізілмеген

**166152 мың теңге мөлшеріндегі есептелген және мерзімі ұзартылған шығыстардың сомасын ескере отырып

## 3-бөлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге де деректер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру көздері

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Қор) ақшалай қаражаты 2002 жылғы 1 қаңтарға 189807669 мың теңгені құрады.

Қорға түскен түсімдердің негізгі үлесі 2002 жылы Үкіметтің арнайы шотынан алынатын валюталық қаражат есебінен қалыптасты, олардың сомасы 321222875,00 АҚШ долларын (49055308 мың теңге) құрады. Бұдан басқа, 2002 жылы Қордың шотына ұлттық валютада 54418487 мың теңге түсті. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың шотына шетел валютасында есептелген теңгені АҚШ долларына айырбастауды кезең-кезеңмен жүргізіп отырды.

2002 жылдың ішінде Қорға қаражат есептеу тәртібі өзгерген "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына өзгерістер енгізілді. Қордың түсімдері және оларды пайдалану туралы есеп бүгінгі таңда қолданылып жүрген заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер ескеріле отырып қалыптасты.

Шикізат секторы ұйымдарынан мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер және Қорға 2002 жылғы түсетін аударымдар

(мың теңге)

| Атауы | 2002 жылғы жоспар | Кассалық атқару: Барлығы | оның ішінде: Бюджетке есептелгені | оның ішінде: Ұлттық қорға аударылғаны |
|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| Шикізат секторы ұйымдары-заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы | 83882542 | 81145883 | 72718477 | 8427406 |
| Шикізат секторының ұйымдары резидент заңды тұлғалардан алатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы | 1141100 | -857172 | -902126 | 44954 |
| Шикізат секторының ұйымдары резидент емес заңды тұлғалардан алатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы | 5821684 | 33941328 | 5638248 | 28303080 |
| Шикізат секторының ұйымдары. нан өндірілген шикізат тауарларына, көрсетілген қызметтерге қосылған салығы | 323959 | 495654 | 280329 | 215325 |
| Шикізат секторы ұйымдарынан алынатын бонустар | 46362 | 0 | 0 | 0 |
| Шикізат секторы ұйымдарынан алынатын бонустар | 46362 | 0 | 0 | 0 |
| Шикізат секторы ұйымдарынан алынатын роялтилер | 32996514 | 27865935 | 26500273 | 1365662 |
| Жасалған келісімшарттар бойынша шикізат секторы ұйымдарынан алынатын өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі | 2150885 | 5576640 | 2120885 | 3425755 |
| Мемлекеттік бюджет бойынша жиыны | 126363046 | 148168268 | 106386086 | 41782182 |

* заңдарға сәйкес келтіру үшін аударылған 2001069 мың теңгені Қорға өндіріп алуға арналған түсімдерді ескере отырып

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен шикізат секторы ұйымдарынан алынатын салық және бюджетке төленетін

басқа да міндетті төлемдердің 2002 жылға арналған түсімдердің жылдық көлемі 126363046 мың теңге сомасында, соның ішінде республикалық бюджеттің кірісіне 126147957 мың теңге және жергілікті бюджеттердің кірісіне 215089 мың теңге бекітілді . 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шикізат секторы ұйымдарынан іс жүзінде 148168268 мың теңге түсті, оның ішінде республикалық бюджетке 106170997 мың теңге және жергілікті бюджеттерге 215089 мың теңге есепке алынды. Нәтижесінде шикізат секторы ұйымдарынан Қорға түскен түсімдердің сомасы 41782182 мың теңгені құрады. Мемлекеттік бюджеттен 12636305 мың теңге (республикалық бюджеттен - 12614796 мың теңге және жергілікті бюджеттен 21509 мың теңге) ресми трансферттер берілді.

Қордың ақшалай қаражаты 2003 жылғы 1 қаңтарға - 299110656 мың теңгені құрады.

Салықтардың түрлері бойынша Қорға түсетін қаражат түсімдерінің құрылымы тұтастай алғанда 2002 жыл үшін мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

| Салық төлемдерінің түрлері | Сомасы (мың теңге) | Жалпы көлемдегі үлес (%) |
|---|---|---|
| Заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы | 8427406 | 20,17 |
| Резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы | 44954 | 0,11 |
| Резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы | 28303080 | 67,74 |
| Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының барлығы | 36775440 | 88,02 |
| Қосылған салығы | 215325 | 0,51 |
| Роялтилер | 1365662 | 3,27 |
| Шикізат секторы ұйымдарынан алынатын өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі | 3425755 | 8,20 |
| БАРЛЫҒЫ: | 41782182 | 100,0 |

Шикізат секторы ұйымдарынан Қорға түсетін түсімдерде негізгі бөлікті - 67,74%-ін резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы, одан кейін үлесі түсімдердің жалпы сомасының 20,17%-ін құрайтын

заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы және 3425755 мың теңге сомасындағы өнімдерді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі немесе түсімдердің жалпы сомасының 8,20%-і. Роялтилер үлесі түсімдердің жалпы сомасының 3,27%-ін, қосылған құн салығы (бұдан әрі - ҚҚС) - 0,51%-ін және резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы - 0,11%-ін құрады.

Шикізат секторы ұйымдары - заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығының жоспары 83882542 мың теңге мөлшерінде бекітілді, іс жүзінде 81145883 мың теңге түсті, ол 96,7%-ті құрады. Қорға жоспардан тыс төлемдер түрінде 8427406 мың теңге корпоративтік табыс салығы аударылды. Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан облыстарының шикізат секторы ұйымдары - заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша жоспар орындалған жоқ.

Резидент заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығының жоспары 1141100 мың теңге мөлшерінде бекітілді, іс жүзіндегі түсім (-) 857172 мың теңгені құрады. Қорға жоспардан тыс төлемдер түрінде 44954 мың теңге резидент заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы аударылды. Жоспардың орындалмауы 2001 жылғы декларацияның қорытындылары бойынша " СНПС-Ақтөбемұнайгаз" ААҚ-тың резидент заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығын қайтаруды жүргізуіне байланысты.

Резидент емес заңды тұлғалардан алынатын, төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығының жоспары 5821684 мың теңге мөлшерінде бекітілді, іс жүзінде 33941328 мың теңгені құрады, ол 583%-ті құрады. Қорға жоспардан тыс төлемдер түрінде 28303080 мың теңге резидент емес заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы аударылды.

ҚҚС жоспары 323959 мың теңге мөлшерінде Ақтөбе облысы ("Дөң тау-кен байыту комбинаты" ашық акционерлік қоғамы) үшін ғана бекітілді, ҚҚС түсімдерінің іс жүзіндегі көлемі 495654 мың теңгені немесе 153,0%-ті құрады, оның ішінде 215325 мың теңге Қорға есепке алынды.

Бонустар бойынша жоспар 46362 мың теңге мөлшерінде Атырау облысы (" Қазақойл-Ембі" ашық акционерлік қоғамы) үшін ғана бекітілді. Келісімшарт бойынша жоспарланған өндіру көлеміне қол жеткізе алмау салдарынан іс жүзінде түсімдер болған жоқ.

Шикізат секторы ұйымдарынан алынатын роялтидің жоспары 32996514 мың теңге мөлшерінде бекітілді, іс жүзінде 27865935 мың теңге түсті, ол 84,5%-ті құрады. Қорға жоспардан тыс төлемдер түрінде 1365662 мың теңге роялти аударылды.

Жасалған келісімшарттар бойынша Қазақстан Республикасының үлесі түсімдерінің жоспары Батыс Қазақстан облысы бойынша 2150885 мың теңге мөлшерінде жеткізілді. Төлемнің осы түрі бойынша іс жүзінде 5576640 мың теңге немесе 259,3% түсті. Қорға бюджетке төленетін жоспардан тыс төлемдер түрінде 3425755 мың теңге түсті.

## 2. Қордың шығыстары

Қордың есебінен есепті кезеңде жалпы сомасы 244287 мың теңге Қорды басқаруға байланысты мынадай шығыстар жүргізілді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 қаулысымен мақұлданған Сенімді басқару туралы шартқа сәйкес Қорды басқарғаны үшін сыйақы түрінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 97553 мың теңге аударылды;

2002 жылғы 9 айдағы кастодианның қызмет көрсетулері үшін 39139 мың теңге аударылды;

сыртқы басқарушыларға 83601 мың теңге комиссиялық сыйақы аударылды;

заң кеңесшісінің қызмет көрсетулері үшін 2867 мың теңге аударылды;

сыртқы аудиттің қызмет көрсетулері үшін 7177 мың теңге аударылды;

"Barra International, Ltd" компаниясының ақпараттық қызмет көрсетулері үшін 12129 мың теңге аударылды;

"Morgan Stanley Capital International" компаниясының ақпараттық қызметтері үшін 1821 мың теңге төленді;

Бұдан басқа, республикалық бюджетке бұрын қолданыстағы заңдар бойынша тоқсан сайынғы аударымдар кезінде - 2001069 мың теңге аударылды, ол заңдардың өзгеруі нәтижесінде 2002 жылы толық көлемде Қорға өтелді.

2002 жылғы төртінші тоқсанда жалпы сомасы 166152 мың теңге мынадай шығыстар есепке алынды және төлеуге ұсынылды: 23665 мың теңге сомасында Қорды сенімді басқарғаны үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне комиссиялық сыйақы; кастодианның қызмет көрсетулеріне - 20364 мың теңге; сыртқы басқарушыларға - 110789 мың теңге, Қордың 2002 жылғы қызметінің аудиті қызмет көрсетулеріне - 9834 мың теңге, заң кеңесшісінің қызметі көрсетулеріне - 1055 мың теңге және "Securities Lending" қызмет көрсетулері үшін - 445 мың теңге.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК